

BULETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 1991-3494

Volume 2, Number 360 (2016), 146 – 149

**DEVELOPMENT OF MECHATRONIC SYSTEMS OF MANAGING  
MICROCLIMATE OF GREENHOUSES**

**A.K. Atyhanov, N. Mukatay, A.T. Ospanov**

Kazakh National Agrarian University, Almaty, Kazakhstan  
[nureke\\_phd@mail.ru](mailto:nureke_phd@mail.ru) Тел:8702-166-3-99

**Keywords:** greenhouse climate control, greenhouse plant, optimal envitoment.

**Abstract:** The main reason for applying microclimate control in greenhouses is to achieve optimal growing environment. Because of its complexity, excessivecontrol in greenhouses can adversely affect the growing crops. Moreover,we need an optimal ambiental control to accomplish these complicatedobjectives, including low emissions and reduced production costs. Thispaper describes one practical approach to the real-time control system in a greenhouse.

ӘОЖ. 631.365.2:631.234

**ЖЫЛЫЖАЙ МИКРОКЛИМАТЫН БАСҚАРУДЫҢ  
МЕХАТРОНДЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚҰРАСТАЫРУ**

**А.Қ. Атыханов, Н. Мұқатай, А.Т. Оспанов**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті Алматы қаласы, Қазақстан республикасы

**Кілттік сөздер:** жылышай микроклиматын басқару, жылышай өсімдігі, тиімді орта.

**Андаттау.** Жылышайдарды микроклиматты басқаруды пайдаланудың негізгі мақсаты тиімді өсу ортасын қалыптастыру. Өзінің күрделілігіне байланысты, жылышайлардағы шамадан тыс бақылау ауылшаруашылық өнімдерінің өнімділігіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Соңдай-ақ, микроклиматты тиімді басқаруда қалдық деңгейін темендететін және өндірістік шығындарды азайтатын күрделі міндеттерді орындауымыз қажет. Бұл мақалада жылышай микроклиматын басқару жүйелері бойынша тәжірибелік тәсілдемелер сипатталған.

Өсімдіктің тиімді өсуіне қол жеткізу үшін және өнім мөлшерін барынша арттыру үшін жылышайлардағы микроклимат алдыңғы қатарлы мехатрондық жүйелермен басқарылуы тиіс. Жылышайдың ішкі ерекшеліктеріне байланысты климатты қадағалау және баптау женіл немесе қалыпты рәсім емес. Жылышай контроллерларының баптауларының көптігіне байланысты нәтижеге және кететін шығынға әсерін байқау қын. Жылышайлардағы микроклиматтың динамикалық жағдайы, энергия таралымы (радиация және жоғары температура) және масса теңгерімі (су буының және  $\text{CO}_2$  – нің шоғырлануы) сияқты физикалық процесстердің үйлесімі. Бұл процесстер сыртқы орта жағдайларына, жылышай құрылымына, өнімнің түріне және басқару жетегінің әсеріне тәуелді [2].

Жылышайлардағы микроклиматты басқарудың басты мақсаты, өсімдіктің өсуінің және өнімнің беруінің ең жоғарғы мәніне қол жеткізу.

Автоматты басқару жүйесі бақылайды:

- жылышай ішін (топырак және ауа температурасы, салыстырмалы ылғалдылық, көмірқышқыл газының шоғырлануы)
- жылышай сыртын (температура, салыстырмалы ылғалдық, күн радиациясы, жел жылдамдығы және бағыты)
- қондырғылар (температуралық құбырлар, желдеткіш санылаулар және бағыттағыш переделер).

Микроклиматтың әрбір параметрі, өнімнің түрі мен жай-куйімен анықталатын тиімді деңгейде сақталуы тиіс. Түрлендіргіштердің саны мен орны жылыжайдың құрылымы мен көлеміне байланысты. Жылыжайларда түрлендіргіштер өсімдік деңгейінде орналасуы тиіс. Жылыжай микроклиматы келесілермен басқарылады:

- жылыту жүйесі;
- желдету және қараңғылау жүйелері;
- жарықтандыру және көлөнкелеу жүйелері;
- CO<sub>2</sub> бұрку жүйесі. [3]

#### Жұмыс істеу принципі

Автоматты басқару жүйесі түрлендіргіштерден, атқарушы механизмдерден және бағдарламаланатын логикалық контроллерлардан тұрады (БЛК). Жылыжай микроклиматын автоматты басқару бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. Түрлендіргіш климат параметрінің деңгейін анықтап, сигналды БЛК-ға жібереді;
2. БЛК оның, диапазонда ма әлде жоқпа екенін тексереді (жоғары немесе төмен).
3. Егер өлшенген мән максималды мәннен жоғары немесе минималды мәннен төмен болса, онда БЛК іске қосылады. Ол климаттық параметрлер қалыпты жағдайға келгенше жұмыс істей береді.

Сумен жылыту жүйесі жылыжайдың төменгі жағына айналдыра құбыр тарту немесе желдектіш-радиаторлар көмегімен жузеге асырылуы мүмкін[5]. Ыстық сумен жылыту жүйесі жылыжайдағы температуралың бірқалыптытаралуын қамтамасыз ететін жақсы тәсіл болып табылады[6]. Сумен жылыту жүйесі келесілерден тұрады:

- жанаарғысы бар қазаннан;
- негізгі қыздыру контуры;
- қосымша қыздыру контурры.

Жанаарғы казандағы суды қыздырады, қызған су негізгі контур арқылы өтеді. Ыстық су қосымша қыздыру тұтіктері арқылы өсімдік арасында және қабыргада орналаскан құбырлар жүйесіне беріледі.

Жылыжайда қоршаған орта температурасын бақылап және БЛК-ға сигнал жіберіп тұратын термо-гигрометр орналастырылады. БЛК, өлшеп алғынған және бізге қажетті тиімді температуралың айырмашылығына сүйене отырып қазандағы және құбырлардағы су температурасын есептейді[5].

Құбыр бетінің температурасын араластырғыш клапаннан 1-1,5 метрден кейінгі жерден өлшейді[8]. Жүйедегі су температурасы үш түрлі араластырғыш клапандардың көмегімен ыстық және сұық суларды араластыру арқылы жылыжайдың қалаған температуралың ұстап тұрады. Клапандар БЛК көмегімен басқарылады. БЛК клапандағы дефлектор күйін өлшемейді (позициясыз кері байланыс). Сондай-ақ су сорғыштар да БЛК арқылы басқарылады. Негізгі айналдырғыш насос, бірқалыпты температуралық өрісті сақтай отырып, тұрақты жұмыс істеп тұрады (жоғары/төмен/сөндірүл). Энергия шығынын азайту мақсатында ортаңғы қыздыру секцияларында (өшірп/қосқыш) айналдырғыш насосы қолданылады.

Температура, салыстырмалы ылғалдық және CO<sub>2</sub> деңгейін бақылауда жылыжайлардағы желдету ең манызды жүйе болып табылады. Шатыр, алдыңғы есік және вентиляторды өзара үйлестіру арқылы жылыжайларда жақсы желдетуге қол жеткізуге болады. Температура өсімдіктің физиологиялық даму кезеңдеріне (гүлдеу, өсу, даму) тікелей ықпалын тигізеді, булану жылдамдығын бақылайды, фотосинтез процесі кезіндегі өсімдік суларының қамтамасыз ететін жағдайдағы температура мәні көбінесе өсірілетін өсімнің түріне байланысты.

Әр жеміс және оның даму процесі температуралың әр түрлі сезінеді. Жоғары температура өсімдіктің үлкен аумақты ала отырып қарқынмен өсүн қамтамасыз етеді. Нәтижесінде суды көп мөлшерде жоғалтуға және фотосинтездің таралу үйлесімінің бұзылуына алып келетін үлкен булану жылдамдығын тудырады. Өз кезегінде бұл физикалық өзгеріске ұшырауға және өсімдіктің репродуктивті дамуына тәжеу болуы мүмкін[10].

Жылыжайды температура, салыстырмалы ылғалдылық (термогигрометр) немесе CO<sub>2</sub> деңгейі (көмірқышқыл газының датчигі) жоғарлаған кезде БЛК электрқозғалтқыштарды іске қосып, шатыр

люгі 10%-ға аышылады. Жел бағытына байланысты үнемі екі жағының біреуі автоматты тұрде ашық тұратындаш шатыр желдеткіштерінің көбелек тәрізді түрін қолданған тиімді.

Температура, салыстырмалы ылғалдық және көмірқышқыл деңгейлерінің өлшенген және берілген мәндерінің айырмашылығына сүйене отырып БЛК шатыр желдеткішінің позициясын есептеп шығарады. З минут өткеннен кейін БЛК қайта тексереді, егер бақыланатын параметрлер қалыпты деңгейде болмаса шатыр желдеткіші тағы 10%-ға аышылады.

Бұл процесс параметрлер мүмкін болатын максималды мәннен төмен түспейінше жалғаса береді.

Егер станция жауын-шашын немесе қатты желді байқаса БЛК шатырдағы санылауды жабады және вентилятор немесе буландыру жүйесін іске қосады. Температура мен ылғалдықты бірқалыпты ұстап тұруда вентилятордың маңызы зор. Таза ауа жылжайдың бір жағынан кіріп қарсы жағындағы ыстық ауаны алмастырады. Вентилятор ауа ағынын индукциялап, ыстық ауаны жоғары көтереді.

Буландыру арқылы салқыннату жылжайдың температурасын төмендетіп қана қоймай, іштегі салыстырмалы ылғалдықты арттыруға көмектесіндіктен Қазақстанның онтүстік аймақтары үшін салқыннатудың басқа түріне қарағанда осы түрі тиімдірек.

Су жоғары қысыммен шүмек арқылы өте ұсақ тамшылар ретінде ауага тарайды. Тамшы көлемінің кішіреюі ауа мен су арасындағы жылу алмасуды арттырады, нәтижесінде булану жылдамдығы да арта түседі. Булану эффектісі салқыннатуды және ылғалданыруды шакырады. Тұман ағыны БЛК-мен басқарылатын электромагниттік клапанның көмегімен өзгертуіліп отырады.

Өсімдіктің өсуі үш жарықтық процесспен байланысты, атап айтсақ, фотосинтез, фотоморфогенез және фотопериодизм. Жарықтың әр нұсқасы осы процесстерге тікелей әсер етеді. Жарық, көмірқышқыл газын органикалық материалдарға айналдырып оны оттегі ретінде шығаратын фотосинтез процесінің бір бөлігі. Өсімдіктің әр түрлі жарық түрлерінің әсерінен өсуін Фотоморфогенез және күн ұзақтығының өсімдіктің өсуіне ықпалын, яғни гүлдеуі немесе түйін беруінің күнге тәуелділігін фотопериодизм деп атайды.

Жасанды жарықтандыру табиги жарық жоқ кезде немесе қаранғыланған кездे қолданылады. Күн радиациясының тікелей түсүі жылжайлардағы температураның көтерілуінің негізгі көзі болып табылады. Бұл көленкелеу немесе шағылыстырудың көмегімен басқарылуы мүмкін. Көленкелеу әр түрлі жолдармен іске асырылады, атап айтсақ, іштен немесе сырттан көленкелеу қалқандары арқылы және бояулардың көмегімен. Қалқандар сондай-ақ түнгі уақытта шатыр арқылы кететін жылу шығының азайтуға көмектеседі. Егер станция жоғары күн радиациясын сезсе БЛК электрқозғалтқышты іске қосады және қалқандар көлденең қозғалады.

Күн радиациясының өлшенген және берілген мәндерінің айырмашылығы есептелініп көленкелеудің орны айқындалады. Ауылшаруашылық өнімдерінің қалыпты өсуі үшін жеткілікті жарықпен қамтамасыз ететін арнаулы шамдар қолданылады (қыс айларында және бұлтты күндері). Табиги жарық жоқ болса БЛК жасанды жарықтандыруды қосады. Фотосинтез процесіне қажетті жарық мөлшерін анықтау үшін өсімдіктің өсіп-өну мерзіміне қарай БЛК қажетті жарықтандыру уақытын есептей алады.

Көмірқышқыл газы ( $\text{CO}_2$ ) фотосинтез процесін түзудегі негізгі субстрат. Бұл фотосинтез процесін арттыра отырып өсімдіктердің өсуін жылдамдатады.

$\text{CO}_2$  деңгейі қалыпты жағдайдан шоғырлану деңгейіне дейін өскенде, 700 ден 900  $\mu\text{l l}^{-1}$ -не дейін, өсімдіктің өсуі артады. Соңғы зерттеулер  $\text{CO}_2$  мөлшерден көп болған жағдайда ( $1000 \mu\text{l l}^{-1}$ ) көрі әсерін тигизетінін көрсетті.  $\text{CO}_2$ -нің өсімдікпен жұтылуы микроклиматтың өзге де факторларына тікелей байланысты.

Арнаулы вентилятор көмірқышқыл газын сыртқы ауамен араласу үшін және ауа температурасын төмендету мақсатында желдету санылаулары арқылы сыртқа айдайды. Жылжайлардағы  $\text{CO}_2$  жақсы таралуы суғару жүйесіне ұқсас құбырлар желісінің көмегімен іске асырылуы мүмкін. Газдан мүмкін болатын қауіпті байқау үшін  $\text{CO}_2$ -нің шоғырлануын өлшейтін арнаулы датчиктер таратқыш құбырларға орнатылады. Егер көмірқышқыл газының шоғырлануы ұсынылған мәннен азырақ болса БЛК газдың таралуына жауапты электромагниттік клапанды ашады. Біраз уақыттан кейін  $\text{CO}_2$ -нің шоғырлануы күрт өсіп кетпес үшін тексеріс болады[5].

Корытынды

Ауылшаруашылық өнімдерінің өсүі тиімді болуы үшін температура, салыстырмалы ылғалдылық, күн радиациясы, көмірқышқыл газы сияқты микроклиматтық параметрлер үнемі бақылауда болуы тиіс.

Мақалада келтірілген тиімді мекатрондық жүйені жүзеге асыру үлкен жылыжайлармен қатар орта және шағын жылыжайларға да кол жетімді. Жылыжай көлемі ұлғайған сайын жүйенің тиімділігі арта түседі. Жылыжайдың әр бөлігі жеке бағдарламаланатын логикалық контроллерлармен (БЛК) қамтылған және барлық БЛК-лар жиынтығы бір орталықтан басқарылады. Сейтіп әр түрлі өсімдіктердің жиынтығын микроклиматы тиімді басқарылатын жеке блоктарда өсіруге болады.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Бот Ж.П.А.: Парниковый климат от физических процессов в динамической модели, кандидатская диссертация, сельскохозяйственного университета Вагенинген: Нидерланды, 1983.
- [2] Чалаби С. Бейли Ж и Уилкинсон Ж.: В режиме реального времени оптимальный алгоритм управления для отопления теплиц, компьютеров и электроники в сельском хозяйстве, Том. 15, № 1, стр. 1-13 1996.
- [3] Буллард Т. и Беил А.: Моделирование оценивающих воздухообмена в теплице оснащенный непрерывных вентиляционные крыше, журнал сельскохозяйственного машиностроения исследований, Том. 61 , № 1, стр . 37-47, 1995.
- [4] Мортенсен Л.М. и Стромум Е.: Эффекты качества света на некоторых тепличных культур, Scientia Horticulturae, Том. 33, № 1-2 , страницы 27-36, 1987 .
- [5] Кларинг Х.П., Каузчайлд С. Хейвнер А. и Бар-Йосеф Б.: Модель управления на основе концентрации CO<sub>2</sub> в теплицах на уровни содержания в атмосфере увеличивает выход огурец, сельскохозяйственных и лесных метеорологии, Том. 143 , № 3-4 , pp.208-216, 2007.

### REFERENCES

- [1] Bot, G.P.A: Greenhouse climate from physical processes to a dynamic mode, PhD thesis, Agricultural University of Wageningen: TheNetherlands, 1983.
- [2] Chalabi, S., Bailey, J. and Wilkinson, J.: A realtimeoptimal control algorithm for greenhouseheating, Computers and Electronics in Agriculture, Vol. 15, No. 1, pp. 1-13 1996.
- [3] Boulard, T. and Baille, A.: Modelling of AirExchange Rate in a Greenhouse Equipped withContinuous Roof Vents, Journal of Agricultural Engineering Research, Vol. 61, No. 1, pp. 37-47, 1995.
- [4] Mortensen, L.M. and Strømme, E.: Effects of light quality on some greenhouse crops, ScientiaHorticulturae, Vol. 33, No. 1-2, Pages 27-36, 1987.
- [5] Kläring, H.-P., Hauschild, C., Heißner, A. and Bar-Yosef, B.: Model-based control of CO<sub>2</sub>concentration in greenhouses at ambient levels increases cucumber yield, Agricultural and ForestMeteorology, Vol. 143, No. 3-4, pp.208-216, 2007

## РАЗРАБОТКА МЕХАТРОННЫХ СИСТЕМ УПРАВЛЕНИЯ МИКРОКЛИМАТОМ ТЕПЛИЦ

**А.К. Атыханов, Н. Мукатай, А.Т. Оспанов**

**Ключевые слова:** климат контроль для парников, парниковые растения, оптимальная среда

**Аннотация.** Основной причиной применения управления микроклиматом в теплицах является достижения оптимальной растущей среды. Из за своей сложности, чрезмерноеконтроль в теплицах может негативно влиять на выращивание сельскохозяйственных культур. Более того, нам нужно оптимальное контроль для достижения этих сложных цели, в том числе низким уровнем выбросов и снижение производственных затрат. В этой статье описан практический подход к системе управления теплицы.

Поступила 13.04.2016 г.